



ӘЛЕМНІҢ ӘБДІЖӘМІЛІ

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Қазақстан халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Әбдіжәміл Нүрпейісовтің 95 жылдығына арналған «Әбдіжәміл Нүрпейісов әдеби әлемі» атты шығармашылық кеш өтті.

«EGEMEN QAZAQSTAN» – ЕЛ ШЕЖІРЕСІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде биыл жүз жылдық мерейтойын мерекелеп жатқан еліміздегі ең байырғы, басты басылым «Egemen Qazaqstan» республикалық газетінің апталығы ұйымдастырылды. Журналистика факультетінде ашылған «Egemen Qazaqstan» газетінің оқу-шығармашылық зертханасының тұсаукесер рәсіміне арнайы келген «Egemen Qazaqstan» газетінің АҚ Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі бастаған редакция ұжымын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубек қарсы алды.

«Egemen Qazaqstan» газеті редакциясының шығармашылық ұжымын құрайтын белгілі журналистер, еліміздегі ең ірі, іргелі оқу ошағындағы қазақ сөз өнерінің киелі ұстаханасы саналатын, биыл өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өткен журналистика факультетінің бұрынғы түлектері – «Egemen Qazaqstan» газетінің АҚ Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі, Алматы бөлімшесінің жетекшісі Жүсіпбек Қорғасбек, белгілі журналистер Талғат Сүйінбай, Гүлзәйнеп Сәдірқызы, Сапарбай Парманқұлов, Гүлбаршын Сабаева, Ғалым Сүлеймен, Арман Октябрь ҚазҰУ кампусына экскурсия жасап, ел тарихындағы талай тұғырлы тұлғаларды түлеткен білім ордасының соңғы жылдардағы жетістіктерімен танысты. Отыз мыңға тарта студент білім алатын еліміздегі ең іргелі университеттің техникалық базасы, соңғы үлгідегі сандық технологияларымен жабдықталған. Осының нәтижесінде былтыр Times Higher Education (THE) Британдық агенттігінің рейтингі бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында бірінші болып әлемнің үздік университеттерінің 801-1000 тобына енді.

Жалғасы 2-бетте

НАҚТЫ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

Кезекті ректорат мәжілісінде қалыптасқан дәстүр бойынша білім беру саласында жетістікке жеткен оқытушылар марапатталып, күн тәртібіндегі тақырыптар талқыға түсті.

Мінбеге шыққан бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев QS және THE рейтингтерінде университет көрсеткіштерін арттыру бойынша хабарлама жасады. Ол әлемнің үздік ЖОО кіретін QS WUR рейтингісінің әдіснамасына сараптама жасай отырып, академиялық бедел, ғылыми жарияланымдар, Хирс индексі сынды салаларға ерекше мән берді. «ҚазҰУ-дың QS Subject Rankings рейтингісіне ғылыми бағыттардағы барлық мамандықтар кіреді.

Жалғасы 2-бетте

аша білген Әбдіжәміл Нүрпейісовтің туындылары тек өз әдебиетіміздің ғана емес, сонымен қатар әлемдік әдебиеттің қорына өзіндік орнымен қосылған алтын құйма десек артық айтқандық емес. Әбдіжәміл Көрімұлының ұлт руханиятына қалтқысыз қызмет еткен шығармалары жалпы ортаға жол тартары сөзсіз. Оған куә – осы залды толтырып отырған жастар, – деді өз сөзінде салтанатты әдеби кешті ашқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

Жазушы, кинодраматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Смағұл Елубай өз баяндамасында Әбдіжәміл Нүрпейісовтің шығармалары жайлы ғана емес, жазушының қалың оқырман біле бермейтін қырларын ашты. «Әбекең, шынында, тек жазушы емес, ол «жалаңтөс баһадүр, күрескер жазушы» деген болар едім. Бұл кісінің бүкіл өмірі күрескерлікпен өткен. ХХ ғасырдың басында бала кезінде ашаршылықтан қазақтың қырылғанын көрген адам. Одан кейін боздақтарды тізіп қойып атқан сталиндік зұлматты да көрді, 700 қазақ мектебін жапқан тың игеру науқанын да көрді. Осыдан кейін ол күрескерлікті бастаған. Алғашқы қадамы – бұл қазақты кемсіткен, қазаққа қиянат жасаған қоғамға жауап беретін, қазақтың кім екенін танытқан «Қан мен тер» эпопеясы болды. Бұл шын мәнінде күрескерліктің ең үлкен нәтижесі еді. Кейін 1986 жылы желтоқсан оқиғасы кезінде де қарап қалмады. Бұл кісі жазушы ретінде қызыл империяға қарсы қимылдады.

Жалғасы 2-бетте



Әдеби кешке Қазақстанның көрнекті жазушылары Дулат Исабеков, Бексұлтан Нұржеке, Смағұл Елубай, халықаралық Қазақ ПЕН-клубының президенті, белгілі жазушы-журналист Бигелді Ғабдулин, қоғам қайраткері, әдебиет пен мәдениеттің жанашыры Бекет Тұрғараев сияқты әдебиет саласының көптеген танымал өкілдері қатысты.

– Бүгінгі кеш қуатты қалам иесі, қазіргі қазақ әдебиетіндегі асқарлы биігі, ұлт мақтанышы Әбдіжәміл Көрімұлы Нүрпейісовтің 95 жылдық мерейтойлық мерекесіне арналып отыр. Шын мәніндегі қазақ әдебиетінің классигі, бұрынғы Кеңес одағының Мемлекеттік сыйлығының иегері Әбдіжәміл Көрімұлы қазақ әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосқан аса көрнекті шығармашылық тұлға. Қазақтың жазба әдебиеті аса бай тарихы бар үлкен әлем. Сол көркем сөз саласына Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов сынды әдебиет алыптарының ізін жалғаған Әбдіжәміл Нүрпейісовтің «Қан мен тер», «Соңғы парыз» сияқты шығармалары әдебиеттің алтын қорына салынған үлкен үлес саналатын асыл қазына. ХХ ғасырдың екінші жартысында жарық көріп әлем оқырмандарының назарын аударған «Қан мен тер» трилогиясы әлем әдебиеті ойшылдарының үздік бағасына ие болды. Шығарма кино, театр сахналарынан көрініс тауып, әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Өз шығармаларында кейіпкерлері болмысы арқылы ұлт бейнесін сомдады, тұрмыс-тіршілігін жан-жақты



Жалғасы. Басы 1-бетте

«EGEMEN QAZAQSTAN» – ЕЛ ШЕЖІРЕСІ



Осы аудиторияда журналистика факультетінің ұстаздары әзірлеген «Ұшқыннан бастау алған «Egemen Qazaqstan» атты кітапша көпшілік назарына ұсынылды. Мерейтойлық басылым басшысы Дархан Қыдырәлі университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Дархан Қыдырәлі жоғары деңгейдегі осындай шараны ұйымдастырып отырған университет басшылығына алғысын білдірді, білім ордасы мен басылым арасындағы шығармашылық байланыстар одан әрі жалғасын табағынына сенім білдірді. Өз кезегінде «Ұшқын» газетінен бастап «Социалистік Қазақстан» басылымында жарық көрген материалдар тізбегі топтастырылған бес томдық «Жүз жылдық жылнама» кітабын университет кітапханасына табыс етті.

– Келер жылы өтетін әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығына университет ауқымды үлесін қосып жатыр. Мұндағы бірегей музейді аралап кеудемізді қуаныш сезімі кернеді. Осынау білім ордасы Түркі еліміздің, Ислам әлемінің ең маңдайалды университеті болғаны бәріміз үшін мәртебе. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі

ауқымды жобалардың жүзеге асуы бұл университеттің ғана емес, қазақ елінің де бедерлі белесі деп білеміз. Мұндағы журналистика факультеті біздің етене араласатын ұжым. Біздің «Егеменнің» ардагерлері, әсіресе бұрынғы аға буын өкілдері, қазіргі жастарымыздың көпшілігі осы факультеттің түлектері. «Egemen Qazaqstan» қазақ баспасөзінің қарашаңырағы, ұлт баспасөзінің ұстаханасы, кешегі «Қазақ» газетінің жалғасы деп айтуға болады. Басылымда Алаш арыстарынан бастап қазақ руханиятының қаймақтары қызмет атқарды. Олардың осы аудиторияға ілінген суреттерін, тағылымын көріп біздің жаңа буын жас ұрпақ рухтанады, қанаттанады деп есептейміз. Оның үстіне жаңа ашылған зертхана біздің өзара шығармашылық байланысымызды тереңдетеді деп сенеміз», – деді «Egemen Qazaqstan» газеті АҚ Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі.

«Қазақ елінің жүз жылдық жылнамасы» атты конференцияның соңы шеберлік сағатына ұласты.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

QYSQA-NUSQA

QazUÝ-da «Adamı mura jáne joǵary tehnologialar úlesimi negizinde jetilý» taqyrybynda QS World Wide halyqaralyq forýmy ótti.

Atalǵan forým ǵylym men joǵary bilim berý salasyndaǵy ozyq tájirbelermen alması jáne taratý boynsha álemdegi biregei jáne iri platforma bolyp tabylady. Osy Forým aiasynda Malaizianýn PETRONAS tehnologia ýniversitetiniń (UTP) profesory Hanita Dayǵ bastalǵan ǵalymdary mehanika-matematika fakúltetinde bolyp, mehanika, matematika jáne aqparattyq tehnologialar salalary boynsha aqparatpen almasyp, taraptar ózara yntymaqtastyq týraly ýaǵdalasty.

Taiay Shyǵys jáne Ońústik Azia kafedrasý rranıtaný bóliminiń 4 kýrs stýdentteri Ismailov Ádil jáne Paishambiev Rými Iranda akademialyq utqyrlıq baǵdarlamasy aiasynda bilim alýda.

Stýdentter ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ Irrannýn bedeli joǵary oqý oryndarynyń biri sanalatyń Shahid Beheshti ýniversitetimen jasalǵan áriptestik qatynastar jónindegi kelisim-shart negizinde Tegeranga barýǵa múmkindik aldy. Shahid Beheshti ýniversiteti Irrannýn injeneria men fizika salasyndaǵy memlekettik oqý jáne ǵylymı-zertteý ortalyǵy bolyp tabylady. Atalǵan oqý orny Irrannýn asa bedeli tehnikalyq joǵary oqý oryndarynyń biri sanalady. 1959 jyly amerikandyq jekemenshik ýniversitetter úlgisimen ashylǵan. Qazirgi tańda bul ýniversitette 119 bakalavriat baǵdarlamasy, 632 magistratýra, 257 PhD baǵdarlamasy boynsha 17500 stýdent bilim alýda, onyń ishinde bakalavriat 7507, magistratýra 9560, doktorantýra 900 stýdentten turady.

Qazaqstan Respýblikasy Qorǵanys ministriniń áskerge shaqyrý jasyna deringi jáne áskerge shaqyrý jastarymen áskeri-patriottyq jumysty kúsheitý jáne orta mektepterde bastapqy áskeri-tehnologialyq daıarlyqta oqytý sapasyn jaqsartý týraly talaptaryna saıkes, 2019 jyly 17 qazanda ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversitetiniń áskeri kafedrasynda Almaty qalasy Bostandyq aıdany mektepteriniń tárbie isi jónindegi direktorlarynyń orynbasarlarymen jáne alǵashqy áskeri-tehnologialyq daıandyq basshylarymen seminar-keńes ótkizildi.

Asosiasia KAZENERGY ı Karachaganak Petroleým Operetıng B.V. obávılı novıy konkýrs StudentDigitalFest sredi stýdentov VÝZov Kazahstana.

StudentDigitalFest - eto novıy konkýrs Assosiasıı KAZENERGY (Organizator), kotoryı realizýetsá pri finansovoi podderjke kompanıı Karachaganak Petroleým Operetıng B.V.

Sel konkýrsa – podderjka innovacionnyh proektov molodejı po razrabotke tehnologicheskıh reshenı v sfere sıfrovızası dlı neftegazovoi otraslı.

V konkýrse mogýt prinát ýchastie stýdenty bakalavriata ı magistratýry tehnicheskıh spetsialnosti VÝZov Kazahstana. Srok podachi zaiavkı – do 3 noiabrá 2019 goda vklúchitelno.

Trı komandy – pobeditelá smogýt protiv oplachivaemýy praktiký/stajirovký v kompanıı Karachaganak Petroleým Operetıng B.V. prodoljitelnostú ot 2-h do 6-tı mesásev v 2020 godý.

Podrobnosti na saite www.kazenergy.com – obrazovatelnaia programma - konkýrsy.

Dlı registrasıı neobhodimo protiv po ssylke <http://www.kazenergy.com/ru/operation/educational-program/156/1770/> <https://cloud.mail.ru/public/4ADU/3AoLxndzq>

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Оның ішінде жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік, өнер және гуманитарлық ғылымдармен қатар инжиниринг, технология, медицина бағыттары қамтылған. Біз ғаламдық нарықта сапа мен мамандарымыздың беделін жетілдіру мақсатында әлемдік рейтингтік агенттіктерде үздіктердің қатарынан көрінуге барып талпынып, басқа да салаларды кеңінен қамтуға бар күш-жігерімізді салуымыз қажет», – деді бірінші проректор. Сондай-ақ ол әлеуметтік жауапкершілік университеттері желісінің халықаралық мектебіне дайындық және QS рейтингісіне сәйкес университеттің академиялық қауымдастығы, жұмыс берушілер арасындағы танымалдылығы, ғылыми еңбектер жариялануы, түлектердің жұмысқа орналасу пайызы, ғылыми-педагогикалық құрам мен тыңдаушыларға шаққандағы шетелдік оқытушылар мен студенттер үлесіне де жекелей тоқталып өтті.

Кезекте ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабил Сәбитұлы «Әлемдік жоғары рейтингтерде әр жоғары оқу орнының рейтингісін құру барысында университеттердің ғылыми-білім беру қызметінің тиімділігі, оқытушылар құрамының және жүргізілетін зерттеулердің деңгейі, ғылыми мақалаларды жариялау және дәйексөз келтіру, халықаралық ынтымақ-

НАҚТЫ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА




тастық және басқа да көрсеткіштер ерекше ескеріледі», – деді проректор. Сонымен қатар, ол Scopus дерекқорында SJR-і нөлден жоғары индекстелген ашық қолжетімді және Хирша индексі жоғары журналдарда жарияланған ОПК-ның ғылыми мақалалары санын арттыру, кафедра оқытушы-профессорлық құрамының соңғы 5 жылдағы басылымдар

санына қатынасы, Scopus халықаралық дерекқорында индекстелген халықаралық ғылыми конференциялар, Scopus-та индекстелген журналдарда білім алушылардың мақалалары санын көбейту бағыттарына тоқталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

ӘЛЕМНІҢ ӘБДІЖӘМІЛІ



түгендеп шықты. Соның бәрін бүкіл қауымның алдына шығарып, соның барлығына империалық саясат дегенді ашық айтып Горбачевті қалың жұрттың көзінше «сабады». Жазушыдан жылы сөз күткен Горбачев енді қолына ұстап келген «Правда» газетінің артына тығыла бастады» деп Смағұл Елубай классик жазушы туралы әңгімелерін ортаға салды.

Кеш барысында университеттің оқытушылары мен студенттері Әбдіжәміл Нүрпейісовтің шығармалары бойынша өздерін толғандырып

жүрген сұрақтарды қойып, жазушының өз аузынан оларға жауап алып, әңгімелерін тыңдады. Ол кісінің жанында көп жүрген жазушы Дулат Исабеков Әбдіжәміл ағасының даналығы мен «балалығы» жайында әзіл әңгімелерін айтып жұртты күлдіріп отырды.

– Әбекеңнің қыр-сыры көп екенін айтып жатырмыз ғой. Әдетте жазушылар шығармасын әңгіме, повесть сияқты кішкене дүниеден бастайды. Бұл кісі болса іріден бастайды, соғысқа барып келді де

бірден «Курляндия» деген роман жазды. Содан кейін «Қан мен тер» трилогиясын жазып әйгілі болды. Ол Қазақстаннан бір де бір атақ алған жоқ, бірден Кеңес одағының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Әбекең 40, 50, 60 жас мерейтойын жасаған жоқ, бірден 95 жасын тойлап отыр. Бұл да оның ірілігі. Енді осы ағамыз 100-ден асып тағы бір ірілік жасасын деп тілеймін, – дейді жазушы Бексұлтан Нұржеке.

Бүгінде 95 жасқа келіп жатқан қазақ әдебиетінің абызы Әбдіжәміл Нүрпейісов кезінде Сәбит Мұқановтың ақылымен алғаш осы Қазақ университетінде оқыған екен, бір курстан кейін Әдебиет институтына ауысқан. Әдеби кеш барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бұйрығымен халық жазушысы Әбдіжәміл Нүрпейісов университеттің дамуына қосқан айырықша үлесі үшін Үлкен Алтын медальмен марапатталды. Жазушы өз кезегінде осындай қадір-қошамет көрсетіп жатқан университет басшысына алғысын білдірді, оқу орнының студенттеріне сабақтарын жақсы оқып болашақта халқына қызмет ететін үлкен азамат болындар деп батасын берді.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

ЗАМАНАНЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ

Қазақ әдебиетінің тарихынан ойып тұрып орын алатын кесек тұлға, қарымды қаламгер, суреткер жазушы Әбіш Кекілбаев университет қабырғасында жүрген кездің өзінде жазған алғашқы шығармаларымен-ақ әдеби қауым мен оқырман жұртшылықтың назарын өзіне аударып білгенін, ұлы Әуезовтің өзі болашағынан үміт күтіп, бағдар бергенін білеміз.



Ғалым Мұтанов кіріспе сөзбен ашты. Одан әрі мәжіліс жұмысын филология және әлем тілдері факультетінің деканы, профессор Өмірхан Әбдиманұлы жүргізіп отырды. Пленарлық мәжілісте Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, ақын Ақберен Елгезек, жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков құттықтау сөз сөйледі. Ал «Әбіш Кекілбаев – кемеңгер» деген тақырыпта жазушы, кинодраматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Смағұл Елубаев, «Біздің заманымыздың заңғар тұлғасы» тақырыбы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев, «Ә. Кекілбаев шығармашылығы және рухани жаңғыру» деген тақырыпта ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

Кенжехан Матыжанов баяндама жасады. «Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығы: ойшылдық дүниетаным және суреткерлік шеберлік» мәселесін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебегенов өз баяндамасына арқау етті.

Жиын соңында жазушының жары Клара Жұмабаева сөз алып, қаламгердің студенттік жылдардағы белсенділігі мен ескен ортасы жайлы, ана тәрбиесінің оң ықпалы туралы ойларымен бөлісті. Заңғар тұлғалы Әбішке жасалып жатқан құрметке, шешендердің қаламгерлік құдіретінің құпиясын ашудағы зерделеулеріне көңілі толғанын жасырмады, университет басшылығына, жиналғандарға алғысын айтты.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,
Нәзира ДОСАНОВА,
ҚазҰУ оқытушылары

ҮНДІСТАНДЫҚ ҒАЛЫММЕН КЕЗДЕСУ

Университетіміздің әл-Фараби кітапханасында атақты үнді ғалымы, Дели университетінің профессоры, Мұхаммед Хайдар Дулати туралы кітаптың авторы Мансура Хайдармен кездесу өтті. Оны тарих, археология және этнология факультеті ұйымдастырды.

Кездесу Абай атындағы ҚазҰПУ, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтынан келген ғалымдар мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің, магистранттарының және докторанттарының қатысуымен ерекшеленіп түсті.

Профессор Мансура Хайдармен кездесудің маңызы зор. Себебі, ортағасырлық мемлекет қайраткері, тарихшы-ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати қазақ тарихына тікелей қатысы бар тұлға. Ол алғаш қазақ хандығы туралы өз еңбектерінде деректер қалдырған. Сондай-ақ ғалымның шығу тегі қазақ екені жайында соңғы жылдары түрлі пікірлер айтылып жүр. Осы көзқарасты ұстанушылардың бірі де Мансура Хайдар ханым болып келеді.

Үндістандық ғалым қазақтың ұлы ақыны Абай жайында да бірер сөз қозғап, оны әлі де толық зерттеу керектігін ұсынды. Жас кезіндегі армандарының бірі – Орталық Азия тарихымен айналысу болғандығын Мұхаммед Хайдар Дулатидың өмірі мен қызметі туралы еңбектерін жазғандығын айтқан ғалым әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымына және кездесуге қатысушыларға алғысын айтты.

Тарих, археология және этнология факультеті

СИЛЬНЫЙ ПРЕЗИДЕНТ – ВЛИЯТЕЛЬНЫЙ ПАРЛАМЕНТ – ПОДОТЧЕТНОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО

Первое Послание Президента РК Касым-Жомарта Токаева было озвучено на открытом совместном заседании палат Парламента 2 сентября 2019 года. Каждое Послание представляет собой важную страницу в истории Казахстана. Нынешнее ставит очередную рубежную задачу перед республикой.



Глава государства отметил, что на текущем этапе страна получила возможность усилить достижения независимости и выйти на качественно новый уровень своего развития. Он выразил уверенность, что Казахстан достигнет поставленной цели, сохраняя политику Елбасы и проводя системные реформы. Это положение явилось основой предвыборной программы Касым-Жомарта Токаева. В Послании четко сказано, что все свои обещания, данные народу, Президент обязательно исполнит.

Послание отличается социальной ориентированностью, вниманием к обеспечению прав и безопасности граждан. Важно, что одновременно обозначены позиции, улучшающие жизнь людей, обеспечивающих эту безопасность, высказана необходимость ужесточения уголовного наказания за сексуальное насилие, педофилию, распространение наркотиков и другие тяжкие преступления против личности, особенно детей. В Послании даны ответы на многие проблемы, волнующие граждан страны.

Не обошел вниманием Президент и молодое поколение. В нем он видит локомотив предстоящих реформ, группу населения, которой предстоит сыграть решающую роль в развитии Казахстана, стать движущей силой прогресса. В Послании подчеркнуто, что необходимо с целью повышения эффективности работы госслужащих привлечь в их ряды подготовленные молодые кадры.

27 августа 2019 года Президентом подписан Указ «О некоторых вопросах Президентского молодежного кадрового резерва». Прием заявок кандидатов в этот резерв уже начался. В фарватере укрепления молодежной сферы – забота о детях, материнстве, малообеспеченных и многодетных семьях, педагогах, массовой физической культуре и многое другое. Работает на молодежь и объявление следующего года «Годом волонтера». Это обеспечит преемственность с Годом молодежи, расширит участие граждан, особенно молодых, студентов и учащихся

в добровольческой деятельности и структурах гражданского общества, усилит привитие им навыков активной жизненной позиции.

Достижению целей, сформулированных в Послании, будет способствовать последовательная, настойчивая и продуманная политическая трансформация, так как экономические реформы невозможны без модернизации общественно-политической жизни страны. Основой стабильности государства явится формула политической системы «Сильный Президент – Влиятельный Парламент – Подотчетное Правительство». Исключительно актуальной представляется концепция «Слышащего государства», которую можно воплотить в жизнь путем постоянного диалога власти и общества, укрепления гражданского общества. В этом плане важны такие меры, как продолжение процесса партийного строительства, развитие эффективной обратной связи государственных органов с населением, совершенствование законодательства о митингах.

Послание накладывает на нас, преподавателей ведущего вуза Казахстана, особую ответственность за выпуск специалистов, обладающих не только профессиональной компетентностью, но и высокой политической культурой.

Лилия ЗАЙНИЕВА,
д.п.н., профессор кафедры
политологии и
политических технологий

СТРАТЕГИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ

Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев обратился к народу с первым посланием «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана», которое стало ориентиром, определяющим для парламентариев, органов исполнительной власти, общества в целом цели и задачи развития нашей страны на предстоящий период.

В решении проблемы дефицита кадров квалифицированных педагогов на селе Президент предлагает расширить сферу действия программы «С дипломом – в село» и продолжить работу на новом уровне.

Приоритетным вопросом Президент считает качество высшего образования. Решение данного вопроса видится в сокращении числа учебных заведений, которые обеспечивают низкий уровень трудоустройства своих выпускников, в антикоррупционной политике вузов, переносе функции управления образовательными учреждениями и бюджетного администрирования с районного на областной уровень.

Обращается внимание и на эффективность научных исследований. Решение этого вопроса видится в повышении уровня их применения на практике.

Таким образом, нынешнее Послание представляет собой развернутую программу, касающуюся реализации объявленных Главой государства планов. В каждой идее Послания, в каждой строке и цифре ощущается твердая уверенность человека, опирающегося на четко рассчитанную стратегию национального развития, а главное, на поддержку политики всем народом.

Анжелика КАРАБУТОВА,
докторант 2 курса специальности
«Социальная педагогика и самопознание»
кафедры педагогики и
образовательного менеджмента

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың екінші қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық даму бағытын 5 тараудан тұратын бағыттармен айқындады. Біз соның екі тарауына тоқтала кетейік.

МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАР

Біріншісі – «Заман талабына сай тиімді мемлекет» тарауында елді елең еткізетін бағыт ол қоғам игілігі үшін сындарлы саясат ұстап келе жатқан басқа да саяси партиялармен ынтымақтастықта жұмыс істей отырып, елімізде көппартиялылықты, саяси бәсекелестікті және ой-пікірдің сан алуандығын дамытуға ықпал ету міндеттері. Яғни президент халықты жалпымемлекеттік өзекті тапсырмаларды талқылауға тарту керектігін айтып отыр. Халықпен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, олардың мұң-мұқтажын дер кезінде біліп, мәселелерін уақтылы қолға алу сияқты ұсыныстары халықтың көңілінен шықты. Халыққа заң аясында бейбіт түрде митингтер өткізу үшін еркіндік беру мәселесі де халықтың көкейіне жақын деп ойлаймыз. Себебі, осы кезге дейін митингтер өткізу, арнайы орын беру мәселесі дұрыс шешілмегендіктен халықтың наразылығын тудырғанын баспасөз беттерінен көріп те жүрміз. Мұнда әрине, халықтың талап тілегін білу арқылы еліміздің даму жоспары бағыттарын анықтауға мүмкіндік алады.

IV «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» тарауында да халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге байланысты да бірнеше міндеттер қойылды. Ауыл мен қала мектептері

арасындағы айырмашылық жөнінде, шынын айтқанда ауыл мектебін қала мектебімен салыстыра алмайсыз. Оқушылар ауылды жерде қаладағыдай өзінің қажеттілігін толығымен қанағаттандыра алады деп айта алмаймыз. Осы тұрғыдан алғанда ауыл мектептерін білікті ұстаздармен қамтамасыз ету мәселесі орынды көтеріліп отыр. Сондай-ақ, мұғалімдер мен оқытушылардың жалақысын көтеру мәселесі. Мұғалімдер мен оқытушылар тек білім нәрін беріп қана қоймай, тәлім-тәрбие де береді. Уақытының негізгі білім беру мен тәрбие жұмыстарымен айналысады. Сондықтан, олар қандай құрметке болса да лайық деп есептейміз. ЖОО оқытушылары білім берумен қатар ғылыммен де айналысады. Үкімет ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру, оларды тәжірибеде қолдану мәселесін де көтеріп отыр. Сондықтан олардың да жалақысын көтеру, ғылыммен шұғылдануға жағдай жасау арқылы оқушылар мен студенттерге сапалы білім беруін қамтамасыз ету мәселесі де жолдаудағы маңызды міндеттердің бірі деп ойлаймыз.

Бибизия ҚАЛШАБАЕВА,
археология, этнология және
музеология кафедрасының
профессоры м.а., т.ғ.д.

БІРІМЖАНОВ СЪЕЗИ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да химиялық технология бойынша Х Халықаралық Бірімжанов съезін өткізді. Съезд аясындағы іс-шаралар әл-Фараби атындағы ғылыми кітапханада және факультеттің "Малахит" залында өтті.

Съезд жұмысына Қазақстаннан, алыс және жақын шетелдерден 200-ден астам ғалым қатысты, пленарлық және секциялық отырыстарына 120-дан астам ғылыми баяндама ұсынылды. Съезге қатысушылардың баяндама тақырыптары химия ғылымының бейорганикалық заттар мен материалдардың химиясы және технологиясы, органикалық заттар мен материалдардың химиясы және технологиясы, химиялық материалтану, наноматериалдар, жану процестері және т.б. бағыттарына арналған.


Пленарлық отырыс шеңберінде «Ғылым мен өндірісті интеграциялау жолдары» тақырыбында дөңгелек стол жұмысы ұйымдастырылды. Кәсіпорын басшыларының жоғары оқу орны өкілдерімен өзара тығыз диалогында Қазақстанның химия индустриясы мен тау-кен металлургия кешені алдында тұрған негізгі технологиялық проблемалар мен міндеттер талқыланды, сондай-ақ оларды шешудің мүмкін жолдары қарастырылып ұсынылды.

Өз тілшімізден



ВСТРЕЧА НА МАЛЬТЕ

Международный симпозиум «Академические процессы по толерантности в высшем образовании» впервые прошел в городе Валетта (Мальта). Мероприятие, в котором приняли участие представители стран со всех континентов, было организовано Глобальным советом по толерантности и миру при поддержке президента Мальты Джорджа Велла.



В ходе двухдневного симпозиума более тридцати профессоров, руководителей и представителей государственных учреждений, международных организаций выступили с докладами и участвовали в дискуссиях по вопросам толерантности и мира.

На церемонии открытия симпозиума с приветственным словом выступили президент Мальты, ректор Университета Мальты, президент Глобального совета по толерантности и миру. Было отмечено, что в настоящее время мы живем в мире, где многообразие культур, религиозных взглядов и языков. Для человечества крайне важно установить толерантность и мир, а взаимопонимание и гармония отношений должны стать залогом устойчивого развития цивилизации.

В международном симпозиуме приняла участие заместитель декана факультета востоковедения по научно-инновационной работе и международным связям Салтанат Джакубаева, которая выступила с докладом «Идеи и концепции толерантности в Казахстане». Выступая перед представителями

разных стран, она подчеркнула, что в Казахстане живут в мире и согласии более 130 национальностей, а толерантность является одним из глубоко укоренившихся качеств казахского народа. Также было отмечено, что в стране созданы благоприятные условия для проживания всех национальностей, большую роль в формировании межэтнических отношений играет Ассамблея народа Казахстана. Этот опыт может служить примером для других государств.

Выступление вызвало живой интерес у аудитории, после выступления Президент Мальты Джордж Велла и другие участники симпозиума задали вопросы заместителю декана Салтанат Талеуовне. Она, в свою очередь, подробно рассказала о деятельности Ассамблеи, мерах, принимаемых в государстве в сфере межнационального и межконфессионального согласия, а также на примере реализации совместного проекта КазНУ и Альянса цивилизаций ООН показала роль университетов в формировании граждан страны и мира.

Соб. корр.

ОРТАҚ БАСЫМДЫҚТАР

Индонезиялық «Universitas Pertamina» университеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тығыз қарым-қатынас орнатуға мүдделі. Бұл туралы ҚазҰУ басшылығымен кездесу барысында индонезиялық университеттің ғылым, даму және ынтымақтастық жөніндегі проректоры Буди Соенджипто мәлімдеді.



Кездесу барысында тараптар ғылым-білім саласындағы ынтымақтастығының алдағы уақыттағы бағыттарын, студенттердің академиялық ұтқырлығы мүмкіндіктерін, қос диплом бағдарламасын дамыту мәселелерін талқылады.

Ортақ тақырыптарды қозғай отырып ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев қонақтарды QS рейтингісі бойынша әлемдегі ең үздік 800 жоғары оқу орындарының ішінде 207 орында тұрған ҚазҰУ-дың ғылыми қызметі мен жетістіктері жайында баяндап берді. Сондай-ақ, университеттің индонезиялық ЖОО ынтымақтастығы туралы ақпарат айтылды.

Айта кетерлігі, ҚазҰУ мен Индонезиялық университеттер арасындағы ынтымақтастық 2014 жылдан басталды. Жыл сайын екі ЖОО-ның профессорлары мен ғалымдары тәжірибе алмасып, екі университет алаңдарындағы халықаралық конференциялар мен симпозиумдарға қатысуда.

«Мен Қазақстанның ең беделді университеті шаңырағының астына келіп отырғаныма өте қуаныштымын. Біздің университет ҚазҰУ-мен тығыз ынтымақтастықты орнатуға аса мүдделі. Сіздің университет біздің талапкерлер арасында жоғары сұранысқа ие және біз болашақта ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасасуға ниеттіміз», – деді Индонезиялық «Universitas Pertamina» университетінің ғылым, даму және ынтымақтастық жөніндегі проректоры Буди Соенджипто мырза.

Екі жоғары оқу орындарының өкілдері университеттердің білім рейтингтерінің рөліне баса назар аудара отырып, жоғары оқу орындарының қазіргі жағдайын талқылады. Сондай-ақ рейтингтерде алға жылжудың жалпы стратегиялық бағыттары мен биік белестерге жетелейтін перспективтік идеялар анықталып, ортақ басымдықтар белгіленді.

Өз тілшімізден



ИНТЕЛЛЕКТУАЛИЗАЦИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ



Сегодня активно обсуждаются проблемы формирования единого информационного пространства современных промышленных предприятий, предлагаются интеграционные модели производственных данных, составляются программные обеспечения индустриальной информационной системы (ИС).

Для КазНУ им. аль-Фараби вопросы использования современных информационных технологий для оценки качества образовательного процесса и компетенций выпускников являются актуальными. Проводятся исследования создания и использования математической модели, позволяющей получить интегральную оценку организации образовательного процесса, а также ИС поддержки принятия решений, с помощью которой осуществляется оценка компетентностей выпускников бакалавриата и магистратуры.

Интеллектуализация ИС в экономике и образовании отражается в деятельности кафедры «Информационные системы», где функционируют образовательные программы «Индустриальная информационная система», «Вычислительная лингвистика» и другие.

Сейчас на уровне промышленности популярны локальные информационные экспертные системы, ориентированные на конкретные исследовательские аналитические задачи. Перспективными являются индустриальные ИС, которые сами учатся и способны оперативно формировать базы знаний в целях классификации проблемных областей прогнозирования.

Прогресс в сферах экономики и образования невозможно представить без использования цифровых информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). Дальнейшая глобализация и цифровизация экономики, финансовых рынков, развитие средств электронного бизнеса, снижение стоимости программной реализации ИС привели за последние годы к безусловному увеличению уровня их использования в экономике нашей страны. ИС в экономической отрасли призваны объективно оценить уровень развития экономики и образования страны, выявить резервы и обеспечить успехи деятельности на основе принятия и использования правильных решений.

Сфера применения цифровых ИКТ и ИС многогранна, а достижения развитых цифровых средств коммуникаций включают различные информационные аспекты, начиная от обеспечения простейших функций служебной переписки до системного анализа и поддержки сложных задач принятия и поддержки решений. В свою очередь концептуальным этапом в развитии

казахстанских ИС является создание и использование экспертных и интеллектуальных систем в экономике, образовании и государственном управлении.

Результаты работы в области искусственного интеллекта долгое время находились в критике научной среды Казахстана, казались капризами оторванных от реалий интеллектуалов в информатике, обучающей компьютерной игре в шахматы или распознаванию образов. Механизмы, лежащие в основе таких интеллектуальных систем, признавались не алгоритмическими и эвристическими, а считались известными лишь избранным, чаще всего от них веяло таинственностью и магией.

Появление экспертных систем классов MYCLIN, DENDRAL, PROSPECTOR, а также положительные результаты их использования в области медицины, технической диагностики и геофизики решительно изменили ситуацию в научной среде страны.

Эти успехи стимулировали использование технологий и методов искусственного интеллекта в различных секторах экономики Казахстана. В частности, это сейчас заметно в экономике для анализа и диагностирования экономической деятельности предприятий, выбора эффективной стратегии поведения трейдера на рынке ценных бумаг, выбора оптимальных вариантов инвестиционных проектов.

В современных условиях на уровне крупных промышленных предприятий могут быть популярными локальные ИС, ориентированные на конкретные исследовательские и аналитические задачи: анализ и прогнозирование рынка, поведения конкурентов, потребителей. Теоретически предприятие может создать множество различных специализированных систем, которые объединены в интегрированную корпоративную ИС.

В этом направлении перспективными являются те ИС, которые сами учатся и способны автоматически формировать базы знаний в целях классификации проблемных областей и прогнозирования.

Наибольший эффект от внедрения интегрированных ИС достигается там, где для принятия решений наряду с показателями учитываются слабо формализованные факторы - экономические, политические, социальные. Поэтому в области анализа и управления развитием бизнеса, менеджмента и антикризисного управления, а также стратегического планирования, инновационного менеджмента и инвестиционного анализа существует широкий круг деятельности для применения интеллектуальных технологий и ИС.

Такие системы способны диагностировать состояние предприятия, организации образования и оказывать помощь в антикризисном управлении,

обеспечивать выбор оптимальных решений по стратегии развития организации и их информационной деятельности.

Экономические ИС применяются для анализа деятельности организации, их стратегического планирования, инвестиционного анализа, оценки рисков и формирования портфеля ценных бумаг, финансового анализа, маркетинга.

В современном мире деятельность предприятия описывается десятками показателей и отражается десятками тысяч записей об отдельных операциях. При этом для принятия обоснованных и своевременных управленческих решений необходимо извлечь из «тонн руды» драгоценный камешек знания. Поэтому еще одним востребованным направлением современных интеллектуальных ИС для бизнеса являются инструменты, предназначенные для глубокого анализа информации (количественной, текстовой, сильно и слабо структурированной). Они помогают получить ответы на вопросы: «Какие клиенты наиболее выгодны для предприятия?», «Какие услуги и товары более востребованы?», «Какие тарифы предложить потребителям, чтобы они оказались для них привлекательными и тем самым улучшить свои рыночные показатели?».

ИС с такими преимуществами наиболее востребованы при проведении маркетинговых исследований, в банковской, страховой (для снижения рисков предоставления кредитных и страховых услуг), телекоммуникационной отраслях, розничной торговле, дистрибуции, транспортной сфере.

Таким образом, уникальные интегрированные правовые базы знаний реального времени, имеющие компьютерное представление в виде семантической сети, могут обеспечивать диалог с человеком, далеким от юриспруденции, давая ему прямые ответы на поставленные вопросы и не заставляя его «блуждать» в лабиринте взаимных ссылок статей законов.

К. БАЙШОЛАНОВА,
д.э.н., профессор, чл. - корр. РАЕ;
С. КУЛЬМАМИРОВ,
к.т.н., академик МАИИ,
факультет информационных технологий

ЖАЛЫН

Балалық шағымызда мектеп қабырғасында алғаш рет Қазақстан Республикасының рәміздері туралы ақпарат алған болатынбыз. Мемлекеттік тудың авторы Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков екенін жатқа айтып беретінбіз.

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы тарихи дамуының алуан түрлі оқиғаларға бай болғанын айта кету

керек. Сондай маңызды, халықтың назарын аудартқан оқиғалар аясында мемлекеттік рәміздердің қоғамдағы орны қосымша рөлге ауысқандай. Тек бір саяси іс-шараларда, арнайы ашық сабақтарда немесе спорттық жарыстарда ғана бой көтеріп тұрады. Қазақстан жастары үшін мемлекеттік тудың маңыздылығы патриоттық сезімін арттыру үшін әрдайым қажет.

ҚазҰУ студенттері Алматы қаласында 13 қазан күні болған тарихи сәттің


куәсіболдық.«Медеу» спорт кешенінде мемлекеттік ту көтерудің салтанаты рәсімі өтті. Бұл ҚазҰУ жастары үшін рухани жаңғыру аясындағы шаралардың ішінде патриоттық рухты оятушы оқиға болды. Ту көтеру салтанатының ерекшелігі – бұл ту өлшемдері бойынша Қазақстандағы ең ірі рәміздер қатарына, солардың бірі болып орнатылды. Тудың ұзындығы – 14 метр, ал ені – 7 метр. ҚазҰУ студенттері Алматы қаласының

ұлылығын тағы бір мәрте түсінгендей, осы қалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланып, алғаш Конституция, мемлекеттік рәміздер қабылданған және тұңғыш елбасы сайланған еді. Аталған салтанатты рәсім ірі масштабты патриоттық іс-шаралардың бастауы болатынына сенімдіміз.

Ғ. ТҮРСЫНБАЙ,
А. НҮРМҰХАНОВА,
жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының
1-курс магистранты

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

|| ҚазҰУ колледжінде ұстаздар мерекесіне орай «Өзін-өзі басқару» күні өтті.



Өзін-өзі басқару күні студенттердің өз көшбасшылық қасиеттерін ашуға және ұйымдастыру қабілетін жүзеге асыруына мүмкіндік берілді. Оқытушылар белгілі бір кезеңде студенттердің өзін-өзі басқаруын дамытуды ойластырып, мәселелерді анықтауға және олардың шешу жолдарын анықтауға көмектесті.

Студенттермен ауыстырылатын колледж әкімшілігі, ұстаздар дублерларына функционалдық міндеттерін түсіндіріп, негізгі міндеттер тізімін алдын ала талқылады. Барлық студенттер өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға тырысты. Әкімшілік өз жұмысымен

айналысты. Жұмыс күнінің соңында нәтижелер қорытындыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

Колледждің жоғарғы 3-курс студенттері 1-2 курс студенттеріне оқытушылардың орнына дәрістер жүргізсе, оқытушылар өз кезегінде студенттік шақтарын еске алып, студенттік сезімге бөленіп, арнайы өздеріне ұйымдастырылған сабақтарға қатысты.

Әділет ЕГЕУБАЕВ,

ҚазҰУ колледжі директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

|| Университетімізде біздер үшін алғашқы сенбілік өтті. Күн райы да сенбілікке болысқандай жарқырап тұрды. Қалалық сенбіліктің аясында біздің университет тарапынан да оқу ордасының аумағын тазалау жұмыстары ұйымдастырылды.

БІЗДІҢ БІРІНШІ СЕНБІЛІГІМІЗ

Филология және әлем тілдері факультетіне арнайы бөлінген аумақты жиналған жастар «бірлесе көтерген жүк жеңіл» дегендей ұстаздарымызбен бірге бірдемде жинап тастадық. Сенбілік барысында, факультет деканы Өмірхан Әбдиманұлы келіп, жастардың жұмысына көңілі толып, сенбілікте атқарған шаруамызға береке тіледі.

1-курс жастары кезектесіп, бірі жерге түскен күзгі сары жапырақтары тырмаласа, енді бірі жол үстіндегі құлаған қылқан жапырақтарды сыпырып, шөмеледі. Ағайлар мен апайларымыз құраған ағаш бұтақтарын жинап, жол жиегіне шығарды. Жарқыраған күн мен таза ауа аясында керемет көңіл-күймен «Айналады нұрландыр» жобасын іске асырып, бір марқайып қалдық. Бұл алғашқы сенбілігімізден естелік болсын деп, куратор-эдвайзеріміз Райхан Сахыбекқызы Имаханбет біздерді суретке түсірді. Бір-бірімізге жәрдемдесе жүріп, сенбілікті көңілді хәм сәтті аяқтадық.

Әне-міне дегенше, қоңыр күзіміз қара күзге ұласып, сонан соң «қылышын сүйреткен» қыс та келері анық-ау. Табиғаттың төрт мезгілі де өтетін біздің өлке қандай

көркем десеңізші! Еліміздегі жоғары оқу орындарының қара шаңырағы атанған университетіміздің аула тазалығы ғана емес, барлық жағынан тап-таза, басқаларға үлгі болуы үшін біз тек жетістіктерге ұмтылатын жастар қатарынан болуға куратор-эдвайзерімізге сөз бергенбіз. Уәдеміз – уәде, топ белсендісі Ахмет Қамшыбектің студенттік шақтан тырнақалды мақаласы «Қазақ университеті» газетіне жарияланғанда бізден бұрын Райхан Сахыбекқызы апайымыз қуанған-ды.

«Тазалық – саулық негізі, саулық – денсаулық кепілі» демекші, ҚазҰУ қалашығының кең аумағын бүгінгі сенбілікте тап-таза әрі жып-жинақы болғандығы жөніндегі мақала жазуды өзімнің жауапкершілігіме алғанмын. Сондықтан әр сенбіліктің өзіндік ерекшелігі – ол қаламызға тазалық сыйлау. Ал, Алматы – біздің үлкен үйіміз. Үй тазалығы – әрбір адамның жеке басынан басталады емес пе? Тазалыққа ұмтылайық, жастар!

Шолпан МАРАТҚЫЗЫ,
филология және әлем тілдері
факультетінің 1-курс студенті

|| Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасының қабырғасында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында IV-ші түркі дүниесі деректі фильмдер фестивалінің ашылу салтанаты өтті.

Кинофестиваль бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасын жандандыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Бұл іс-шара түркілердің ұлық ғұламасы Әл-Фарабидың туғанына 1150 жылдық мерейтойымен сәйкес келіп отыр. Аристотельден кейінгі әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің дәл осы түркі әлемінің өкілі, оның ішінде қазақ жерінің, киелі Отырар шахарының тумасы екендігі барша қазақ үшін үлкен мәртебе мен шексіз мақтанш.

Бұл жобаның өткізілу аясы Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан сынды бірнеше түркі тілдес елдермен қоса, Македония, Кипр, Босния және Герцеговина, Мажарстан секілді Еуропа мемлекеттерін де қамтып отыр.

Аталмыш іс-шараға елімізден және алыс-жақын шет елден көптеген қоғам қайраткерлері, ізденуші ғалымдар мен кино саласының майталмандары қатысып, пікірлерімен, болашақ жобаларымен және жылы лебіздерімен бөлісті. Соның ішінде қазақтың белгілі кино актеры, қоғам қайраткері Асанәлі Әшімов келіп, фестивалдің өткізілуіне деген ыстық ықласын білдіріп, болашақ студент жастарға аталық сөзін айтып ақ жол тіледі. Сонымен қатар фестиваль аясында әл-Фарабидің өмірлік және ізденушілік жолы, ғалымдық мансабы

ТӨРТКҮЛ ТҮРІКТІҢ ҒҰЛАМАСЫ



туралы сыр шертетін, онымен қоса ұлы ойшылдың әр түрлі салаларды қамтитын сан алуан әлемдік құндылыққа ие еңбектерімен танысуға мүмкіндік беретін деректі фильм көрсетілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне әр мемлекеттен келіп білім алып, оқып жатқан қазақ диаспора өкілдерінің саны жыл сайын артуы қуантарлық жағдай. Олардың жаңа ортаға тез бейімделуін және бірін-бірі жатсынбай, Отанына бауыр басып, бір қандас, жерлес екендерін сезіндіру мақсатында, білім алумен қатар, сабақтан тыс уақытта, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Осы орайда студенттеріміз түркі дүниесі кинофестивалін де тамашалауды жөн көрді. Бұл фестиваль әсіресе

біздің факультетіміздегі шетелден келген қазақ диаспора өкілдерінің аса мол қызығушылығын тудырды. Жастарымыз Әл-Фараби кітапханасын аралап, мұражайымен танысып, естелік суреттерге түсті.

Аталмыш іс-шаралар жастардың патриоттық сезімін арттырып, рухани жаңғыруына үлес қосып, өздерінің тарихы мен дәстүрлі, мәдени мұрасын естен шығармай бағалауына өзіндік серпін береді. Жалпы бұндай кездесулер болашақ өскелең ұрпаққа берері мол деп есептейміз.

Ө. САНДЫҚБАЕВА,
А. ҮСЕНБЕКОВА,

ЖОО-ға дейінгі білім беру
факультетінің оқытушылары

|| Филология және әлем тілдері факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 304-тобы Қытай Халық Республикасынан академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген студенттермен ҚР мемлекеттік Орталық музейіне бардық.

ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙГЕ САЯХАТ

«Қазақ тіл білімі» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Ф.Қ.Иманалиева оқытушымыздың бастамасымен ұйымдастырылған музейге саяхат студенттерге қатты ұнады. Орталық музейдегі қазақ халқының мәдениеті мен тарихы сыр шертетін экспонаттарына Қытай студенттері таңала қарап, ұлттық құндылығымызға ерекше қызығушылық білдірді. Солардың бірі Құдайберген есімді студент «Қазақ халқының мәдениеті құнды жәдігерлерге толы екен. Ұлттық бұйымдарды қыздар бұрын тақса да, олар әлі де меніңше сәнді. Ал киімдерінің үлгісі ерекше екен. Өзім бұрын естімеген «ұршық», «садақ», «найза» сияқты сөздерді таңғалдым» деп студент шығу тарихы ерекше екен. Қазақ халқының мұрасы бай екен» деп өз әсерін жеткізді. Ал Батыр есімді қытай азаматы қазақ тілін біршама меңгеріп қалыпты. Оған жауапкершілік замандағы батырлардың киімі ерекше ұнапты. Өз пікірінде «Қазақтар бұрыннан денелі болыпты. Экспонат ретінде тұрған киімдердің үлкендігін көргенде таңғалдым» деп студент ағынан жарылды.

Музейге барған танымдық сапарымыз әр студентке ұнады. Әсіресе, Қытайдан келген студенттер сабақта естіп жүрген мәліметтерін тікелей көріп, ерекше қуанды. Ал ҚазҰУ студенттері шет елдік студенттерге қазақтың салтымен қонақжайлық көрсетіп, тіпті олармен дос болып кетті.

Назым САПАРОВА,
филология және әлем тілдері
факультетінің 3-курс студенті

Внедрение системы обязательного социального медицинского страхования вызывает сегодня множество вопросов – для чего нужно ее внедрять, как она будет работать и, главное, – кому и сколько придется платить в Фонд медстрахования.

Внедрение системы ОСМС

туда входят и услуги поликлиник, начиная с приема врача до различных обследований, стационарное лечение, лекарственное обеспечение. Стоит особо отметить, что в страховой пакет входят те дорогостоящие операции, которые завтра окажутся не по карману большинству наших граждан, но будущи застрахованными, все расходы за них возьмет на себя Фонд медстрахования.

Ежемесячный взнос индивидуальных предпринимателей составит 2800 тенге, неактивного населения или непродуктивно самозанятых и того меньше – 1414 тенге в месяц, работодатель за одного работника будет платить примерно 2280 тенге, а взносы самих работников составят 3300 тенге в 2020 году.


А что же государство? Взносы из бюджета за каждого представителя социально незащищенных категорий населения составят 65 070 тенге. Таким образом, в 2019 году больше 80% объема финансирования медицины будет покрываться за государственный счет.

Медицинское страхование – это в первую очередь гарантия финансовой защищенности населения от непосильных расходов на медицинские услуги, высокое качество медицинской помощи, финансовая устойчивость и эффективность системы, отражающаяся, в свою очередь, на доступности услуг населению. Базовым же принципом системы является солидарное участие государства, работодателя и самого гражданина в финансировании здравоохранения наряду с равным доступом всех застрахованных к единому пакету медуслуг, независимо от размера доходов и взносов.

Э. КАЛИЕВ,
председатель правления
ТОО «Smart Health University City»

КАК ОПЛАТИТЬ СТРАХОВКУ

ГОСУДАРСТВО ДЕЛАЕТ ВЗНОСЫ ЗА 14 КАТЕГОРИЙ ГРАЖДАН



ЕСЛИ ГОСУДАРСТВО НЕ ДЕЛАЕТ ЗА ВАС ВЗНОС

ТОГДА

КТО, КОГДА И СКОЛЬКО ПЛАТИТ

РАБОТОДАТЕЛЬ

С 1 ИЮЛЯ 2017 Г. – 1%,
С 1 ЯНВАРЯ 2018 Г. – 1,5%,
С 1 ЯНВАРЯ 2020 Г. – 2%,
С 1 ЯНВАРЯ 2022 Г. – 3%

РАБОТНИК

С 1 ЯНВАРЯ 2019 Г. – 1%
С 1 ЯНВАРЯ 2020 Г. – 2%

ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ

С 1 ИЮЛЯ 2017 Г. – 5% ОТ 2-КРАТНОГО РАЗМЕРА МИНИМАЛЬНОЙ ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЫ (МЗП)

НЕАКТИВНОЕ НАСЕЛЕНИЕ

С 1 ЯНВАРЯ 2018 Г. – 5% ОТ МИНИМАЛЬНОЙ ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЫ (МЗП)

ОПЛАТА ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ЧЕРЕЗ БУХГАЛТЕРИЮ

ДО 15 ЧИСЛА КАЖДОГО МЕСЯЦА, СЛЕДУЮЩЕГО ЗА ОТЧЕТНЫМ, РАБОТОДАТЕЛЬ СООБЩАЕТ ВАМ О ПЕРЕЧИСЛЕННЫХ СРЕДСТВАХ


ВЗНОС МОЖНО ОСУЩЕСТВИТЬ ЧЕРЕЗ ЛЮБОЙ БАНК 2-ГО УРОВНЯ ИЛИ ОТДЕЛЕНИЕ КАЗПОЧТЫ

Республика Казахстан

КТО БУДЕТ ПЕРЕЧИСЛЯТЬ ВЗНОСЫ В ФОНД СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ?

РАБОТОДАТЕЛИ

Ежемесячно от фонда оплаты труда в Фонд социального медицинского страхования отчисляют:



ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ

Ежемесячно от 2-х МЗП осуществляют взносы в Фонд социального медицинского страхования




НЕАКТИВНОЕ НАСЕЛЕНИЕ

(частный извоз, услуги, торговля и т.д.) Ежемесячно от 1 МЗП осуществляют взносы в Фонд социального медицинского страхования



Государство ежемесячно оплачивает взносы от среднемесячной заработной платы в Фонд социального медицинского страхования за социально-незащищенные слои населения



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Қайыржан ТӨРЕЖАН
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №1622

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.